

## Темір аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 тамыздағы № 84 шешімі . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 қыркүйекте № 24220 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

### 1. Мәслихаттың келесі шешімдерінің:

1) Темір аудандық мәслихатының "Темір ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 178 шешімі ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5791 болып тіркелген);

2) Темір аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 178 "Темір ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2019 жылғы 17 қазандағы № 391 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6427 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б. Шаимов*